

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Директорлар кеңесінің  
2013 жылғы 20 маусымдағы  
шешімімен бекітілген,  
№9/2013 хаттамасы,  
хаттамаға №20-қосымша**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін  
көтеру және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерімен  
сыртқы сарапшыларды жұмылдыру жөніндегі саясат**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеру және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерімен сыртқы сарапшыларды жұмылдыру жөніндегі саясат (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және өзге ішкі құжаттарына, алдыңғы қатарлы корпоративтік басқару тәжірибесінің ұсыныстарына сәйкес әзірленген.

2. Осы Саясаттың мақсаты Директорлар кеңесі мүшелерінің машықтары мен біліктілігін дамытудың жүйелі, құрылымдалған және айқын механизмін ендіру және Директорлар кеңесінің мүшелері қарастыратын мәселелер сыртқы білікті және тәуелсіз сараптаманы талап ететін жағдайда, олардың сыртқы сарапшыларды жұмылдыру құқығын іске асыру жолымен Директорлар кеңесі мүшелерінің шешімдерінің тиімділігін және ойластырылғандығын арттыру болып табылады.

3. Саясат «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі туралы ережесімен белгіленген, Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеру және сыртқы сарапшыларды жұмылдыру бөлігіндегі олардың құқықтары мен міндеттерін нақтылайды әрі Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілікті көтеру және Директорлар кеңесінің мүшелерімен сыртқы сарапшыларды жұмылдыру туралы шешімдерді жоспарлау және қабылдау тәртібін реттейді.

**2. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілікті көтеру және сыртқы  
сарапшыларды жұмылдыру бөлігіндегі құқықтары мен міндеттері**

4. Директорлар кеңесінің мүшелері осы Саясатпен белгіленген тәртіпке сәйкес, Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыретінің мәселелері бойынша және сабақтас мәселелер бойынша, ішкі және сыртқы оқыту шараларына (семинарларға/ тренингтерге), конференцияларға (дөңгелек үстелдерге, форумдарға және т.б.) қатыса отырып, кемінде екі жылда бір рет, біліктілікті көтерудің басқа да жалпы қабылданған түрлерін пайдалана отырып, ҚМГ есебінен өзінің біліктілігін көтеруге құқылы.

5. Директорлар кеңесі мүшелері осы Саясатпен белгіленген тәртіпке сәйкес, егер олар Директорлар кеңесімен немесе Директорлар кеңесінің комитетімен қарастырылатын мәселе сыртқы білікті және тәуелсіз сараптаманы талап ететіндігін пайымдаса, ҚМГ есебінен сыртқы сарапшыларды жұмылдыруға құқылы.

6. Директорлар кеңесі мүшелерінің міндетті:

- ҚМГ есебінен біліктілікті көтеруге және сыртқы сарапшыларды жұмылдыруға өзінің құқығын іске асыру кезінде, осы Саясатпен және ҚМГ-ның басқа ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

- ҚМГ есебінен біліктілікті көтеруге және сыртқы сарапшыларды жұмылдыруға өзінің құқығын іске асыру кезінде тараптардың тәуелсіздігі ұстанымын басшылыққа алуға міндетті.

7. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеруді және Директорлар кеңесі мүшелерімен сарапшыларды жұмылдыруды дайындау мен өткізуді ұйымдастыру кезіндегі Корпоративтік хатшының міндеттері мен функциялары:

- Директорлар кеңесі мүшелеріне біліктілікті көтеру бойынша жүргізілетін іс-шаралар туралы ақпаратты іздеу, жинау және ұсыну;

- Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеру бойынша іс-шараларды ұйымдастыруда Директорлар кеңесі мүшелеріне көмек беру;

- Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеру жоспарының жобасын тиісті жылға арналған Директорлар кеңесінің отырыстарды өткізу кестесіне сәйкес әзірлеу.

### **3. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеру тәртібі**

8. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеру мынадай нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін:

- «Самұрық-Қазына» АҚ және/немесе ҚМГ компаниялар тобының мамандарын тарту арқылы жүргізілетін, ішкі корпоративтік оқыту шаралары;

- сыртқы жеткізушілермен ашық форматта ұйымдастырылатын сыртқы жеке оқыту шаралары;

- конференциялар, дөңгелек үстелдер, симпозиумдар және форумдар;

- талдамалы шолулармен, кәсіби қызмет бойынша мақалалармен және Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсынылатын өзге ақпаратпен танысу арқылы өзін-өзі оқыту;

- Директорлар кеңесінің шешімі бойынша біліктілікті көтерудің басқа нысандары.

9. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеру туралы шешімді Директорлар кеңесі мүшелерінің сұрауы бойынша ағымдық жылға Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеру жоспарын бекіту жолымен Директорлар кеңесі көпшілік дауыспен қабылдайды.

10. Директорлар кеңесі мүшесінің тиісті сұрауында біліктілікті көтеруді талап ететін тақырып, болжамды нысаны, біліктілікті көтеру қажеттілігінің негіздемесі, біліктілікті көтеру мерзімдері көрсетілуі тиіс.

11. «Самұрық-Қазына» АҚ және/немесе ҚМГ компаниялар тобында белгіленген рәсімдерді қосымша зерделеу қажеттілігі жағдайында, ҚМГ Басқарма төрағасы «Самұрық-Қазына» АҚ және/немесе ҚМГ компаниялар тобының мамандарын тарту арқылы Директорлар кеңесі мүшелері үшін оқыту шараларын ұйымдастыру мүмкіндігі туралы Директорлар кеңесі хабардар етеді.

12. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеру құқығын іске асыру мақсатында ҚМГ-ның жылдық бюджетінде Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеруге жеке шығындар бабы қарастырылуы тиіс.

13. ҚМГ Басқарма төрағасы және ҚМГ Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеруге септігін тигізетін ақпараттың, оның ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне мерзімді баспасөз шолуларын дайындау және оларға ҚМГ қызметінің мәселелері бойынша және сабақтас мәселелер бойынша кәсіби мақалаларды жолдау арқылы Директорлар кеңесінің мүшелеріне жүйелі ұсынылуын ұйымдастырады.

14. Директорлар кеңесінің мүшелері үшін сыртқы оқыту шараларын ұйымдастыру кезінде тараптардың тәуелсіздігі ұстанымы қамтамасыз етілуі тиіс.

15. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеру қызметтерін сатып алу заңнамамен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **4. Директорлар кеңесінің мүшелерімен сыртқы сарапшыларды жұмылдыру тәртібі**

16. Директорлар кеңесі мүшесінің тиісті сұрауында немесе Директорлар кеңесі комитетінің ұсынымында қажет етілетін мәселе, сондай-ақ мұндай қажеттіліктің негіздемесі көрсетілуі тиіс.

17. Директорлар кеңесі мүшесінің сыртқы сарапшыларды жұмылдыру құқығын іске асыру мақсатында ҚМГ-ның жылдық бюджетінде Директорлар кеңесі үшін сыртқы сарапшыларды жұмылдыруға жеке шығындар бабы қарастырылуы тиіс. Директорлар кеңесі үшін сыртқы сарапшыларды жұмылдыру бабының шеңберінде Директорлар кеңесінің комитеттері үшін сыртқы сарапшыларды жұмылдыруға бап тармақтары қарастырылуы тиіс.

18. ҚМГ есебінен Директорлар кеңесі құзыретінің жекелеген мәселелері бойынша консультация алу үшін сыртқы сарапшыларды таңдау кезінде тараптардың тәуелсіздігі ұстанымы қамтамасыз етілуі тиіс.

19. ҚМГ есебінен Директорлар кеңесі құзыретінің жекелеген мәселелері бойынша консультация алу үшін сыртқы сарапшыларды жұмылдыру Директорлар кеңесі мүшелерінің жеке мүдделеріне қатысты мәселелер бойынша жүзеге асырылмайды.

20. Директорлар кеңесінің мүшелері ҚМГ есебінен сыртқы сарапшыларды жұмылдырудың негіздемесіне жауапты болады.

21. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеру және Директорлар кеңесінің мүшелерімен сыртқы сарапшыларды жұмылдыру

бойынша шығындар ҚМГ-ның жылдық бюджетінде қарастырылған, ол ҚМГ Даму жоспарын талқылау және бекіту кезінде талқыланып қалыптастырылады.

22. Сыртқы сарапшылардың қызметтерін сатып алу заңнамамен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## **5. Қорытынды ережелер**

23. Директорлар кеңесі осы Саясаттың тиімділігін бағалайды және қажетті жағдайда оған толықтырулар мен өзгерістер енгізеді.